

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы N 56 Жарлығы.

"Президент пен Үкімет
актілерінің жинағында" және
республикалық баспасөзде
мазмұны жариялануға тиіс

Ескерту. Жарлықтың тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 46-бабының 21) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 38-бабының 1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия құрылсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593 Жарлығымен.

2. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның құрамы бекітілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593 Жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасының және Қазақстан қатысушысы болып табылатын отбасы және гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі халықаралық шарттардың аясында отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты басымдықтарды айқындау, кешенді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдау;

2) осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593

Жарлығымен.

4. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері жоғарыда аталған әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияларды құрсын.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593

Жарлығымен.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кешірім жасау мәселелері жөніндегі комиссия құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 13 қыркүйектегі N 3108 Жарлығында:

аталған Жарлықтағы 1-тармақта:

"Самақова - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны

Айткүл Байғазықызы қорғау министрі - Қазақстан

Республикасы Президентінің жанындағы

Отбасы және әйелдер ісі жөніндегі

ұлттық комиссияның төрайымы"

деген жолдағы "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрі" және "Отбасы және әйелдер ісі" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі" және "Отбасы істері және гендерлік саясат" деген сөздермен алмастырылсын;

2) Күші жойылды - ҚР Президентінің 2010.02.01 № 922 Жарлығымен.

3) Күші жойылды - ҚР Президентінің 2012.05.08 № 325 Жарлығымен.

4) "Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1677 Жарлығында:

3 және 4-тармақтардағы "Отбасы және әйелдер істері" деген сөздер "Отбасы істері және гендерлік саясат" деген сөздермен алмастырылсын;

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясындағы 1-бөлімнің "Іс-қимылдар стратегиясы" деген шағын бөлімінің жетінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдерінің жанындағы отбасы істері және гендерлік саясат жөніндегі комиссиялардың отбасы және гендерлік саясат мәселелерімен айналысатын хатшылары лауазымдарын енгізу;"

6. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998

жылғы 22 желтоқсандағы N 4176 Жарлығы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 48, 425-құжат);

2) "Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 наурыздағы N 3395 өкімі (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 11, 74-құжат);

3) "Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияның дербес құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы

4 наурыздағы N 16 өкімі;

4) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 4 наурыздағы N 16 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 27 ақпандағы

N 314 өкімі (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 6, 45-құжат);

5) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 4 наурыздағы N 16 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 2 наурыздағы

N 527 өкімі (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., N 12, 117-құжат).

7. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2006 жылғы 1 ақпандағы
N 56 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ**

Ескерту. Ереженің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593 Жарлығымен.

1. Жалпы ережелер

1. Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593 Жарлығымен.

2. Комиссия қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасының және Қазақстан қатысушысы болып табылатын отбасы және гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі халықаралық шарттардың аясында отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты басымдықтарды айқындау, кешенді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөніндегі ұсынымдарды тұжырымдау;

2) мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен отбасының мүдделерін қорғау, Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық декларациясын, Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру мәселелері жөнінде өзара іс-қимыл жасау;

3) әйелдердің жағдайы мен отбасылық-демографиялық ахуал мәселелерін талдау және Қазақстан Республикасындағы гендерлік және отбасылық-демографиялық саясаттың негізгі бағыттары бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар мен ұсынымдарды тұжырымдау;

4) мыналарға:

экономикалық салада әйелдер мен ерлер мүмкіндіктері теңдігіне қол жеткізуге, әйелдер арасында кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға, еңбек нарығында әйелдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға;

еңбек қызметін үй шаруасы міндеттерімен және бала тәрбиесімен ұштастыру жөнінде отбасы мүшелеріне жағдай жасауға;

отбасы институтын нығайтуға, отбасы қарым-қатынастарында әйелдер мен ерлер мүмкіндіктері теңдігіне қол жеткізуге;

халықтың денсаулығын, оның ішінде ұрпақты болу денсаулығын сақтау мен бекемдеу, өмір сүру деңгейін арттыру жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуге;

отбасындағы және жұмыс орнындағы зорлық-зомбылықты түбірімен жоюға және ерлерге, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің халықаралық тәжірибесін енгізуге;

халыққа гендерлік білім беру мен оқу-ағартуға, қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өміріндегі отбасының, әйелдер мен ерлер мүмкіндіктері теңдігінің нақты жағдайын талдау мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізуге, ақпараттық базаны қалыптастыруға;

демографиялық жағдайды жақсартуға жәрдемдесу;

5) Комиссияның құзыретіне кіретін проблемалар бойынша мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын қарау, олар бойынша Қазақстан Республикасының Президентіне тиісті ұсынымдар дайындау;

6) мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының отбасы және гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету жөнінде Мемлекет басшысы үшін ұсынымдар мен ұсыныстарды тұжырымдау;

7) Қазақстандағы отбасы және гендерлік теңдік жағдайы аспектілерінің неғұрлым толық көрініс табуы мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау;

8) отбасы мәселелеріне, жыныстар теңдігінің сақталмауына қатысты азаматтардың өтініштерін, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын қарау;

9) әйелдер, отбасы және демография мәселелері жөніндегі тұжырымдамаларды, мемлекеттік және салалық (секторлық) бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;

10) отбасы және әйелдер жағдайын жақсартуға бағытталған заңдардың және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын дайындауға және қарауға қатысу;

11) гендерлік-құқықтық сараптамаға бастамашылық жасау және оны жүргізу;

12) мемлекеттік органдармен және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық, халықаралық бастамаларды іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдау, әйелдер, отбасы және демография жағдайы мәселелері жөніндегі конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысу болып табылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593, 2014.12.04 № 971; 01.06.2019 № 57; 22.01.2024 № 437; 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.

3. Комиссияның өкілеттіктері

4. Комиссия өз құзыреті шегінде:

1) Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларын өз отырыстарында тыңдауға;

2) мемлекеттік органдардан, ұйымдар мен лауазымды адамдардан қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпаратты сұратуға және алуға;

3) тиісті мемлекеттік органдардың басшыларынан жыныстар теңдігі, отбасы және демография мәселелеріне қатысты заңдардың бұзылу фактілері бойынша тексерулер мен қызметтік тергеулер жүргізуді талап етуге;

4) Мемлекет басшысының қарауына ұсынылатын Қазақстан Республикасы Президенті актілерінің, Қазақстан Республикасы Үкіметі актілерінің жыныстар теңдігі,

отбасы және демография мәселелерін қозғайтын жобалары бойынша ұсыныстар енгізуге;

5) Комиссияның құзырына жатқызылған мәселелерді қарауға мемлекеттік органдардың қызметкерлерін, сондай-ақ Комиссия отырыстарын дайындауға, бағдарламалар әзірлеуге және тексерулер жүргізуге қатысу үшін штаттан тыс сарапшылар ретінде беделді әрі кәсіби дайындығы бар жұртшылық өкілдерін тартуға;

6) Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері жанындағы комиссиялардың қызметін үйлестіруге, олардың қызметі туралы есептерді тындауға;

7) әйелдердің кандидатураларын басшы лауазымдарға жылжытуға жәрдемдесуге хақылы.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593; 01.06.2019 № 57; 22.01.2024 № 437 Жарлықтарымен.

5. Азаматтардан келіп түскен өтініштерді, бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын қарау қорытындылары бойынша Комиссия материалдарды мәні бойынша шешім қабылдау үшін тиісті мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның қарауына жібере алады.

6. Комиссия мүшелері шақыру бойынша Қазақстан Республикасы Құрылтайының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, мемлекеттік органдардың жыныстар теңдігі, отбасы және демография мәселелері бойынша отырыстарына қатыса алады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

6-1. Сараптамалық-талдамалық зерттеулер жүргізу үшін Комиссия жанынан ғылыми мекемелер, білім беру ұйымдары және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен қоғамдық негізде жұмыс істейтін сараптамалық кеңес құрылады.

Сараптамалық кеңестің құрамы Комиссияның отырысында бекітіледі.

Ескерту. 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593 Жарлығымен.

4. Комиссия жұмысын ұйымдастыру

7. Комиссия төрағадан, төрағаның орынбасарларынан, хатшыдан және оның мүшелерінен тұрады. Қазақстан Республикасының Президенті оның дербес құрамын айқындайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 26.05.2025 № 893 Жарлығымен.

8. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

9. Комиссия отырыстарының, егер оларға Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, құқықтық күші бар болып саналады.

10. Комиссияның отырысқа қатысушы мүшелері санының қарапайым көпшілік дауысымен Комиссия шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған кезде төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

11. Комиссияның шешімдері хаттамалармен ресімделеді.

12. Комиссияның төрағасы:

1) Мемлекет басшысының қарауына Комиссияның дербес құрамы бойынша ұсыныстар енгізеді;

2) Комиссияның қызметін ұйымдастырады және оған басшылық жасайды;

3) Комиссия отырыстарының күн тәртібін белгілейді;

4) Комиссия отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді. Комиссия төрағасы болмағанда отырыстарға Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі төрағалық етеді;

5) Комиссия мүшелерінің арасынан Комиссия отырысында қаралатын нақты мәселе бойынша баяндамашыны белгілейді;

6) Мемлекет басшысының алдында Комиссия жұмысының қорытындылары бойынша жүйелі түрде есеп береді;

7) Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде және тапсырмаларында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593, 2014.12.04 № 971 Жарлықтарымен.

12-1. Комиссия төрағасы болмаған кезде Комиссияның қызмет құжаттарына, ұсынымдары мен қорытындыларына Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі қол қояды.

Ескерту. 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 2008.05.15 N 593, жаңа редакцияда - 2014.12.04 № 971 Жарлықтарымен.

13. Комиссия қызметін ақпараттық-талдамалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесіне кіретін тиісті сектор жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - – ҚР Президентінің 17.05.2022 № 894 Жарлығымен.

5. Комиссия қызметін қамтамасыз ету

13. Комиссияның қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдық қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Кеңсесінің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын, өз қызметінде Комиссия төрағасына тікелей бағынатын оның Хатшылығы жүзеге асырады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2007.04.17 N 317 Жарлығымен.

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және
отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның
ҚҰРАМЫ**

**Ескерту. Құрамы жана редакцияда – ҚР Президентінің 26.05.2025 № 893; өзгеріс
енгізілді – ҚР Президентінің 01.07.2026 № 1337 (01.07.2026 бастап қолданысқа
енгізіледі) Жарлықтарымен.**

Балаева
Аида Ғалымқызы

- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі,
төраға

Ысқакова
Жұлдызай Амангелдіқызы

- "Қазақстандық қоғамдық даму институты" КеАҚ
басқарма төрағасы, саясаттанушы, PhD, төрағаның
орынбасары (келісім бойынша)

Сүлеймен
Ләззат Жаңылысқызы

- Қазақстан Республикасы Құрылтайының қызметін
шаруашылық қамтамасыз ету департаментінің "
Парламентаризм институты" шаруашылық жүргізу
құқығындағы республикалық мемлекеттік
кәсіпорны директорының орынбасары, төрағаның
орынбасары (келісім бойынша)

Тарасенко
Елена Ивановна

- қоғам қайраткері, төрағаның орынбасары (келісім
бойынша)

Омарова
Айман Мұратқызы

- адвокат, құқық қорғаушы, төрағаның орынбасары (
келісім бойынша)

Нұрахметова
Гаухар Сердалықызы

- гендерлік және отбасылық саясат саласындағы
сарапшы, хатшы (келісім бойынша)

Әбдірахманова
Алина Бауыржанқызы

- "Қазақ-Америка университеті" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігінің директоры (келісім
бойынша)

Әдиева
Альфия Дәулетқалиқызы

- "Samruk-Kazyna Trust" корпоративтік қорының бас
директоры (келісім бойынша)

Байдашева
Жанна Аманқызы

- "Шетелдік инвесторлардың қазақстандық кеңесі"
қауымдастығы өкілдігінің директоры (келісім
бойынша)

Байсақова
Зүлфия Мұхамедбекқызы

- "Дағдарыс Орталықтар Одағы" заңды тұлғалар
бірлестігінің басқарма төрағасы (келісім бойынша)

Гребенникова
Галина Александровна

- "Жыныстық және репродуктивтік денсаулық
жөніндегі Қазақстандық қауымдастығы (КМПА)"
қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры,
отбасын жоспарлау, жеткіншектер мен жастардың
денсаулығын қорғау саласындағы сарапшы, жоғары
санатты дәрігер (келісім бойынша)

Гурина
Марианна Юрьевна

- "Ұлағатты жанұя" қоғамдық қорының президенті (
келісім бойынша)

Дәулетбаева Жұлдыз Жетпісбайқызы	- әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессоры (келісім бойынша)
Жанғазинова Назым Жәнібекқызы	- медиакоммуникациялар саласындағы сарапшы, "NazymPR" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры (келісім бойынша)
Жандосова Баян Айтбекқызы	- "Қазақстан әйелдерінің республикалық кеңесі" қоғамдық бірлестігінің филиалы - Шымкент қалалық әйелдер кеңесі" қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
Зұлхайыров Ренат Вазиұлы	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Заң мен норма шығармашылығын үйлестіру департаментінің бастығы (келісім бойынша)
Имашева Снежанна Валерьевна	- Қазақстан Республикасындағы Отбасы істері жөніндегі уәкіл, төрағаның орынбасары (келісім бойынша)
Каримова Эльмира Рашитовна	- "ҚМГ Инжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің кадр мәселелері жөніндегі басқарушы директоры (келісім бойынша)
Каринова Шолпан Таңатқызы	- "AMANAT" партиясы" қоғамдық бірлестігінің хатшысы, партияның әйелдер қанатының төрағасы (келісім бойынша)
Қажыбаева Раушан Жаңабергенқызы	- Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы "Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокешені" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының директоры (келісім бойынша)
Қалтаева Ләззат Молдабекқызы	- қоғам қайраткері, "Шырақ" мүгедектігі бар әйелдер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
Қанай Гүлмира Әмірханқызы	- Назарбаев Университетінің вице-президенті (келісім бойынша)
Қарабасова Лаура Шапайқызы	- "Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының басқарма төрағасы – ректоры (келісім бойынша)
Қожалы Тоғжан Бақытжанқызы	- қоғам қайраткері, "НАҚ" қоғамдық қайырымдылық қорының құрылтайшысы (келісім бойынша)
Ли Елена Эдуардовна	- "Dolce" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің құрылтайшысы (келісім бойынша)
Миронюк Татьяна Александровна	- "Ұлттық волонтерлік желі" қауымдастық нысандағы заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры (келісім бойынша)
Сәрсенбаева Әйгерім Арыстанбекқызы	- Жамбыл облысы әкімінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның мүшесі (келісім бойынша)
Семидоцких	- кәсіпкер, "Русская община Северо-Казахстанской области" қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Солтүстік

Елена Александровна	Қазақстан облысы бойынша отбасы және гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі уәкіл (келісім бойынша)
Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызы	- Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі (келісім бойынша)
Тасбергенова Гаухар Қошқарбекқызы	- "Рухани Қазына" қоғамдық қорының басшысы (келісім бойынша)
Хангелдина Сұңқар Қосманапқызы	- жоғары санатты дәрігер, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, MBA магистрі, блогер (келісім бойынша)
Хасенов Муслим Ханатұлы	- "M.S. Narikbaev atyndagy KAZGUU Universiteti" акционерлік қоғамының қауымдастырылған профессоры, құқықтық мәселелер жөніндегі халықаралық сарапшы (келісім бойынша)
Шанаи Нәзипа Ыдырысқызы	- қоғам қайраткері (келісім бойынша)
Шөжеева Әзиза Тимурқызы	- кәсіпкер, "Techno Woman" коммерциялық емес ұйымы басқармасының төрағасы (келісім бойынша)